

6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **Масимова Хуршидам Ташболатовнаның** «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Күн сайын әлемдік деңгейдегі жаңа өзгерістерді оқыту үдерісіне кіріктіріп, қарыштап дамып жатқан білім беру саласының бәсекеге қабілетті болуы үшін педагогтердің білімін үздіксіз жетілдіріп, дамыту қажет. Заманауи қоғамда педагогтердің білім сапасын арттыру, оларды қайта даярлау мәселесі өзекті саналады. Білімдегі жаңа бетбұрыстар аясында педагогтердің кәсіби біліміне болған талаптар күшейтілді, оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің өзгеруі бұл бағыттағы педагогтердің тәжірибесін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту мәселесін өзектендірді.

Оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жағдайында бағалау жүйесінің мәні, мазмұны, ерекшеліктерін толыққанды түсініп, оқытуда тиімді қолдану үшін педагогтерден бұл бағыттағы білімдерін қайта жаңғырту талап етіледі.

Бағалау – білім алушының еңбегін шынайы бағалап, оның алға ұмтылуына ықпал ететін процесс. Сондықтанда, бұл процестің педагог тарапынан тиімді ұйымдастырылуы маңызды. Оқыту нәтижелерін критериалды бағалау тұтас педагогикалық үдерісте бағалау іс-әрекетін жүзеге асыру үшін педагогтің жаңа білім үлгісі талаптарын, сондай – ақ, бағалаудың нақты принциптерін білуін қажет етеді.

Педагогтердің бағалау іс - әрекеті білім алушыларды оқытуда үздіксіз жүзеге асырылатын, маңызды процесс. Алайда, кейінгі кездегі білім беру саласында байқалып отырған педагогтердің осы бағыттағы теориялық білімі мен тәжірибелерінің әлсіздігі, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың қажеттілігін айқындады.

Бұл орайда, Х.Т. Масимованың диссертациялық зерттеу жұмысы көкейкесті саналады. Себебі, диссертант өз зерттеуінде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесін ғылыми негіздеген.

Қойылған мәселені зерттеу барысында диссертант педагогтердің білімін және тәжірибелерін заман талабына сай дамыту мәселесін жан – жақты қарастырып, ғылыми – әдістемелік тұрғыдан зерделеген.

Педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамыту бойынша ғылыми әдебиеттер мен ғылыми еңбектерді талдай отырып, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту ұғымына авторлық анықтамасын берген.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда педагогтің бағалау іс – әрекетінің құрылымын анықтап, бағалау іс-әрекетінің мәні, мазмұнына сипаттама берген.

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін құрастырып, зерттеу мәселесінде тірек етілетін әдіснамалық тұғырларды, педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттарын анықтаған.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1. Диссертант педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытуға ықпал ететін «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын құрастырып оның тиімділігін іс – тәжірибеде тексерген.

2. «Критериалды бағалау жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері» атты әдістемелік құралды әзірлеген.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер біліктілікті арттыру жүйесінде оқыту үдерісін жаңартуға мүмкіндік беретіндігі, жоғары оқу орындарында педагог мамандарды оқытуда пайдалануға болатындығымен сипатталады.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері диссертант тарапынан авторлық бірлестікте жазылған 12 ғылыми жұмыста көрініс тапқан. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 3 мақала ҚР БҒМ білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 7 мақала халықаралық ғылыми конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.

Диссертанттың зерттеу жүргізу барысында жеткен нәтижелерін ескере отырып, диссертациялық жұмыстың құрылымы, мазмұнына талдау жүргізіп, Масимова Хуршидам Ташболатовнаның «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысын талаптарға сай жазылған ғылыми жұмыс ретінде 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор



T.M. Баймолдаев
Т.М. Баймолдаев.
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ РӨЛІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕЛІН
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КОПИ
ПОДПИСЬ